



Jarkent өнірі

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет

МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

Ел бірлігі – біздің баға жетпес байлығымыз, мемлекеттілігіміздің берік негізі.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

АДАМДЫҚ - АСЫЛ ҚАСИЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан қаласында Ұлттық құрылтайдың екінші отырысын өткізді. Мәртебелі алқалы жиын «Әділетті Қазақстан-Адал азамат» тақырыбына арналды. Жиынның алғашқы күні еліміздің әрбір аймағынан арнайы келген делегаттар ұлт келешегі үшін өзекті мәселелерді талқылады. Ал екінші күнгі негізгі жиында Мемлекет басшысы жиналған қауым алдында сөз сөйлеп, ел дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын ой - толғамдары мен ұсыныстарын ортаға салды.

Мемлекет басшысы Ұлытау төріндегі алғашқы құрылтайдан бері өткен бір жыл-

да, елімізде конституциялық реформа жасалғанын, бұл өзгерістер мемлекеттілігіміздің тұғырын бекіте түскенін, ұзақ мерзімге арналған демократиялық бағдарымызды айқындап бергенін атап өтті. Президенттің айтуынша, Әділетті Қазақстанды құру, министрлер мен әкімдердің ғана міндеті емес. Оған бүкіл қоғам болып жұмылуымыз керек. Ал түпкі мақсатқа жету үшін, саяси – экономикалық реформа жасау жеткіліксіз.

Президент отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық нағыз маман болу, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіс екенін айтты.

ЖУРНАЛИСТ - ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТШІСІ

Журналист- қоғамдағы жақсылық атаулыны жаңғыртып, жамандық атаулының жер-жебіріне жетуге ұмтылатын қаламгер, қайраткер. Журналист мінез бен сезімнің адамы. Жасыл жағалауды көрсе жаны жасарып, тылсым табиғатқа қараса, сөзден жыр төгеді. Жыл сайын елімізде 28 маусым-Журналистердің кәсіби мерекесі аталып өтеді. Осы мерекеге орай Панфилов ауданының әкімі Марат САҒЫМБЕК журналистер қауымын қабылдады. Оларды кәсіби мерекелерімен құттықтап, осы саланың жүгін көтеріп жүрген жандарға алғысын білдіріп, сый-сыяпат табыс етті.

Жиын басында ауданда атқарылып жатқан жұмыстарды сөз еткен аудан басшысы Орбұлақ шайқасының 380 жылдық мерейтойына қатысты істерге де тоқталып, оның ел арасында насихатталып жүргені осы БАҚ өкілдерінің арқасы екенін жеткізді. Өз кезегінде аудан басшының мұндай



құрметіне ие болған БАҚ өкілдері де өз ықыластарын білдірсе, облыстық «Жетісу» газетінің ауданымыздағы меншікті тілшісі Мырзағали Нұрсейіт пен бір ғасырлық тарихы бар аудандық «Жаркент өңірі» газетінің бас редакторы Бағдат Айтмұқаева да журналистер қауымы атынан ізгі тілегін, ықыласын білдірді.

Сымбат ӘБДІРЕШ.

ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫНА - 380 ЖЫЛ

ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ

XVII-ғасырдың басында күшейіп бір орталыққа біріккен Жоңғар мемлекеті ұлан-ғайыр қазақ еліне шығыстан қауіп төндіре бастады. Ірілі-ұсақты сансыз шайқастар бұл екі ел арасында әр кезде болып тұратын еді. Тас түйіндей жинақы, жауынгерлік қасиетті жоғары, 50 мың қол жинаған Батыр қонтайшы 1643-жылдың жазғытұрымында қазақ жеріне лап қойып, Жетісудың едәуір жерін жаулап, қазақтар мен қырғыздардың 10 мыңдай адамын тұтқынға алып, орасан мол байлықты қолға түсірді. Әскер

жинауға үлгермеген қазақтың сол кездегі ханы Жәңгір шамалы қолмен (600 адам) Батырға қарсы аттанады. Соғыс ескі Жаркент қаласынан күншілік жердегі Қосқолаң тауының арасында өтеді. Жәңгір қолы ор қазып орналасқан жотаның екі жағы әскер өте алмайтын биік тау. Жау келе жатқан тұс жазықтау болып, көз ұшына дейін созылып жатқан қырқалы сайлар көрініп жатады. Ал керсінше, оқпана қазылған жота қия беткейлі болып, жау келетін жолға көлденең жатыр.

(Соңы 3 бетте).

ҚЫСҚАША

Елімізде бизнесі басқарудың автоматтандырылған жүйесі іске қосылды.

Қазақстанда 161 мың шетелдік автомобиль заңдастырылды.

Геннадий Головкин барлық атағынан бас тартты.

«Қызғалдақ» фильмі үлкен экранға қайта оралды.

Еуропаның 15 елінде тұрып жатқан қазақтар Германияның Кельн қаласында құрылтай өткізді.

Бірнеше пәтері бар азаматтарға салық иелігіндегі жылжымайтын мүліктің жиынтық құнынан есептелуі мүмкін.

КУРЬЕРЛЕР ДЕ САЛЫҚ ТӨЛЕЙДІ

Биылғы 1 шілдеден бастап интернет платформалар арқылы жұмыс жасайтын такси жүргізушілері мен курьерлер салық төлейді.

Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметіне сәйкес, такси немесе курьерлік жеткізу қызметін көрсету кезінде азамат «eSalyq Business» мобильдік қосымшасын қолдана отырып, жеке

кәсіпкер ретінде тіркелуі қажет. Тиісінше, ол шарт жасасу арқылы салық пен әлеуметтік төлемдерді аударуға міндеттеледі.

Кейін платформа операторы қызметкерлерге айлығын төлеу кезінде тиесілі салықтар мен әлеуметтік төлемдерді ұстап қалады.

Артынша, бұл мәліметтер автоматты түрде Мемлекеттік кірістер комитетіне беріледі.

ТЕМЕКІ МЕН АЛКОГОЛЬ ҚЫМБАТТАЙДЫ

Елімізде 1 шілдеден бастап темекі мен алкоголь өнімдерінің бағасы қымбаттайды.

Қаржы министрлігінің хабарлауынша, фильтрден өткен және сүзгісіз темекіге,

папиросқа, сигариллаға және қыздырылатын темекі өнімдерінің ең төменгі бөлшек сауда бағасы көтеріледі. Тиісті бұйрыққа Қаржы министрі қол қойды.

2023 жылдың

1 шілдесінен бастап 31 желтоқсанына дейін бір қорап темекінің ең төменгі бағасы 710 теңге болады. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап табак өнімдерінің құны ең кемі 770 теңге болып бекітілмек.

БАСПАСӨЗ -2023

«ЖАРКЕНТ ӨҢІРІ» газетіне екінші жартыжылдыққа жазылу жүріп жатыр. Қапы қалмай жазылыңыз. ИНДЕКСІ 66161